

## **«Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ Кәсіподақ ұйымдарын құру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Қазақстан Республикасындағы кәсіптік одақтар бұл өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек, өндірістік-кәсіби мүдделерінің ортақтығы негізінде ерікті түрде құрылатын тұрақты мүшелігі бар қоғамдық бірлестік.

Кәсіпорынның кәсіподақ ұйымын құруға түрткі болатын себептер әр түрлі болуы мүмкін – Республиканың салалық кәсіподақ органдарының өздерінің бастауыш кәсіподақ ұйымдарының желісін кеңейту жөніндегі мақсатты жұмысынан бастап, кәсіподақ құру қажеттілігін анықтаған жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы жанжалды жағдайларға дейін. Бірақ ұйымдағы жағдайға қарамастан, бастамашылар кәсіпорында кәсіподақ ұйымын құру бойынша ұйымдастырушылық жұмыстың ерекшеліктерін білуі керек. Сондықтан бұл әдістемелік ұсыныстар кәсіподақ ұйымдарын құрудың жалпы мәселелеріне арналған.

### **Кәсіпорында кәсіподақ ұйымын қалай құруға болады?**

#### **Бірінші қадам.**

Егер сіз бүгін кәсіподақ мүшесі болмасаңыз, бірақ мүше болғыңыз келсе, кәсіпорында кәсіподақ ұйымы болғанын қаласаңыз, пікірлес адамдарды табыңыз, бастамашыл топ құрыңыз.

#### **Екінші қадам.**

Бастамашыл топ кәсіпорынның кәсіподақ ұйымы Қазақстан Республикасында және осы сала қызметкерлерінің кәсіптік одағы саласында жұмыс істеп тұрған құрылымдық бөлімше (филиал, өкілдік, ішкі бөлімше) немесе дербес қоғамдық бірлестік - заңды тұлға құқығына ие осы кәсіпорын қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы дербес қоғамдық бірлестігі бола ма, жоқ па, соны айқындауы тиіс (жергілікті кәсіподақ – ортақ еңбек, өндірістік және кәсіби мүдделермен байланысты бір немесе бірнеше ұйым қызметкерлерінің ерікті бірлестігі).

Қабылданған шешімге байланысты кәсіпорында бастауыш кәсіподақ ұйымы немесе жергілікті кәсіподақ құрылады, және әрі қарай әрекеттер біршама өзгеше болады. Сондықтан мұнда әр жағдайда олардың реттілігі келтірілген.

#### **Үшінші қадам.**

#### **(«Қазақмұнайгазкәсіподақ» ҚБ бастауыш кәсіподақ ұйымы)**

Бастамашыл топ салалық кәсіподақ өкілдерімен өз кәсіпорнында бастауыш кәсіподақ ұйымын құру туралы келіссөздер жүргізеді. Кәсіпорын қызметкерлеріне

не үшін қажет екенін және сіз қосылғыңыз келетін салалық кәсіподақ не істейтінін айтыңыз, оның Жарғысын, өкілдік қызметі туралы қолданыстағы үлгі ережені зерттеңіз. Қызметкерлерді «ұжымдық шарт» ұғымымен таныстырыңыз, оның көмегімен жалақыны қалай реттеуге, еңбек жағдайларын жақсартуға, әлеуметтік кепілдіктер алуға болатынын, кәсіподаққа мүшеліктің артықшылықтарын түсіндіріңіз..

Республиканың екі миллионға жуық еңбекшілері Қазақстан кәсіподақтар Федерациясына біріктірілгенін, оның мүшелік ұйымы сіздің салалық кәсіподағыңыз екенін айту артық болмайды. Бұл дегеніміз, осы кәсіподақ қатарына кіре отырып, қызметкерлер заңдық, әдістемелік, ұйымдастырушылық көмек пен ынтымақтастыққа, Республиканың ең бұқаралық қоғамдық ұйымының іс-қимыл тәжірибесіне қол жеткізе алады, оларға Бас және салалық келісімдердің, атқарушы билік органдары, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы облыстық үшжақты келісімнің нормалары қолданылатын болады.

### **Төртінші қадам. (Бастауыш кәсіподақ ұйымы)**

Бұл жиналысты (конференцияны) дайындау және өткізу. Бастамашыл топ жиналыстың (конференцияның) өткізілетін күнін, орны мен уақытын анықтап, бұл туралы кәсіподаққа кіргісі келетін қызметкерлерге хабарлауы қажет.

Егер олардың көпшілігін бір уақытта жинау мүмкін болса, жиналыс өткізген жөн. Егер өндірістің ерекшелігі бойынша (вахталық, ауысымдық жұмыс немесе көптеген ұжым) қызметкерлердің жартысынан көбін бір уақытта жинау мүмкін болмаса, конференция өткізіледі, оған қызметкерлердің делегаттары қатысады.

Тәжірибе көрсеткендей, жұмыс берушінің кәсіпорынның бастауыш кәсіподақ ұйымын құру идеясына қатынасы ескерілуі керек. Егер ол оны құптамаса, бұл жұмысқа кедергі етпеуі керек, бірақ бастамашылардың өмірін қиындатуы мүмкін. Сондықтан жиналысты өткізуге барлық дайындықты көпшілікке жария етпей жүргізуге тура келеді, оны кәсіпорын аумағынан тыс жерде өткізуге болады, ол үшін салалық кәсіподақ пен облыстың аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің көмегін пайдалануға болады. Егер жұмыс беруші ұйымдасқан ұжыммен жұмыс істеудің артықшылықтарын түсінсе, онда бірқатар ұйымдастырушылық мәселелер (жиналыс өткізілетін күн, уақыт, орын) онымен тікелей келісіледі. Жиналыста (конференцияда) салалық кәсіподақ өкілінің қатысуы жөн.

Жиналыстың күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілуі тиіс:

- Бастауыш кәсіподақ ұйымын құру туралы (салалық кәсіподақ Жарғысына сәйкес)
- Салалық кәсіподаққа кәсіптік қызметке кіру және оның Жарғысын мойындау туралы;
- Кәсіподақ комитетінің мүшелерін, кәсіподақ ұйымының және тексеру комиссиясының төрағасын сайлау.

Бұдан басқа, жиналыс басталғанға дейін, оның қатысушыларын тіркеу кезінде кәсіподаққа қабылдауға және кәсіпорынның бухгалтериясы арқылы кәсіподақ

жарналарын қолма-қол ақшасыз аудару туралы өтініш бланкілерін беруді жүзеге асырған жөн. Жиналыстаың (конференцияның) хаттамасын жүргізу міндетті.

### **Бесінші қадам. (Бастауыш кәсіподақ ұйымы)**

Сайланған кәсіподақ комитеті және оның төрағасы салалық кәсіподаққа кәсіпорында бастауыш кәсіподақ ұйымын құру туралы хабарлайды және ұйымды есепке алу туралы өтініш жасайды. Салалық кәсіподақтың атқару комитеті бастауыш кәсіподақ ұйымын құру және оны есепке қою туралы шешім қабылдайды және банк шотын ашу және мөр дайындау үшін кәсіподақ комитетінің төрағасына сенімхат береді. Жиналыстың (конференцияның) хаттамасын жүргізу міндетті.

Құрылтай жиналысына қатысудың, тіркеуден өтудің және т.б. барлық мәселелері бойынша тікелей «Қазақмұнайгазкәсіподақ» ҚБ-не мына телефондар арқылы хабарласуға болады: 8-7122-95-68-10, 8-7122-95-68-11/12; e-mail: [kogt2005@yandex.ru](mailto:kogt2005@yandex.ru); біздің сайт: <http://kngp.kz>

### **Алтынші қадам. Дербес қоғамдық бірлестік – кәсіпорын қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы немесе кәсіпорындар тобын құру**

Жалпы, ол бастауыш кәсіподақ ұйымын құруға ұқсас тәртіпте өтеді. Сонымен қатар, бастамашыл топ кейбір ерекшеліктерді ескеруі керек, атап айтқанда:

- Құрылтай жиналысының (конференциясының) күн тәртібіне бірінші болып жергілікті кәсіподақтың Жарғысын бекіту туралы мәселе енгізіледі, оны бастамашыл топ алдын ала әзірлеуі тиіс;
- Тиісті салалық кәсіподақтың кәсіптік қызметке кіруі туралы мәселе құрылтай жиналысында да, одан кейінгі конференцияларда да қаралуы мүмкін;
- Мемлекеттік тіркеуден өткен кезде әділет органдарына құрылтайшылардың тізімі, Жарғы, кәсіподақтың орналасқан жері туралы анықтама, құрылтай жиналысының (конференциясының) хаттамасы.

### **Жетінші қадам**

Кәсіпорынның бастауыш кәсіподақ ұйымы салалық кәсіподақ өкілдігі құқығында мемлекеттік есептік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылған болып есептеледі.

Кәсіпорын қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы қоғамдық бірлестік ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылған болып саналады.

Кәсіпорынның кәсіподақ ұйымы құрылғаны туралы жұмыс беруші хабардар етіледі.